

Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 31 мамырдағы "Шиелі ауданы Жуантөбе ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналышының Регламентін бекіту туралы" № 24/9 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 12/12 шешімі

Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 31 мамырдағы "Шиелі ауданы Жуантөбе ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналышының Регламентін бекіту туралы" № 24/9 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6332 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентінде көрсетілген шешіммен бекітілген:

1 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті (бұдан әрі – Регламент) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 39-3-бабының 3-1-тармағынажәне Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 бұйрығымен бекітілген Жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентіне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15630 болып тіркелген) сәйкес өзірленді.";

4 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"4. Жиналыш жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша өткізіледі:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

Жуантөбе ауылдық округі (бұдан әрі – ауылдық округ) бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

ауылдық округі аппаратының коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі ауылдық округ әкімі аппаратының шешімдерін келісу;

бюджеттің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналышқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

ауылдық округі бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тындау және талқылау;

ауылдық округінің коммуналдық мүлкін иеліктен шығаруды келісу;

жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде тіркеу үшін тиісті аудандық сайлау комиссиясына одан әрі енгізу үшін аудан әкімінің Жуантөбе ауылдық округі әкімі лауазымына ұсынған кандидатураларын келісу;

ауылдық округі әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау жөнінде ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелерін талқылау.";

6 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"6. Заңың 39-3-бабы 3-тармағының 4-3) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, жиналысқа шақыру уақыты, шақырылу орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыстың мүшелері ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі, оған сәйкес жергілікті қоғамдастық жиналысының шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

Әкім аппараты жиналыстың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында жиналыстың мүшелеріне және әкімге жиналысқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей ұсынады".

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жиналыс өз өкілеттігі шенберінде шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көпшілік даусымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда жиналыстың төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Жиналыстың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

1) жиналыстың өткізілетін күні мен орны;
2) жиналыс мүшелерінің саны және тізімі;
3) өзге де қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген тізім);

4) жиналыс төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттамада ауылдық округі әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімі қамтылған жағдайларды қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде ауыл әкіміне беріледі.

Ауылдық округі әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасына жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс күні ішінде ауданың тиісті мәслихатының қарауына беріледі.

13. Жиналыс қабылдаған шешімдерді ауылдық округ әкімі бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Әкімдер жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімімен келіспейтіндігін білдіруге құқылы, бұл Регламенттің 2-тарауында көзделген тәртіппен осындағы келіспеушілік тудырған мәселелерді қайта талқылау арқылы шешіледі.

Ауылдық округі әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені жоғары тұрған әкім тиісті аудан мәслихатының отырысында алдын ала талқылаудан соң шешеді".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шиелі аудандық мәслихат хатшысының міндеттін уакытша
атқарушы* *H.Әмір*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК